

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Ана тілім - ардағым

ЖАРИЯЛАНДЫ  
07.07.2025СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/181495/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Автор: Мерекеева Аяулым Бақытбекқызы Ана тілім — ардағым Ана тілі- әр халықтың жаны, рухани өзегі. Тіл- адамзатқа берілген ерекше сый. Ол- ата-бабамыздың аманаты, болашақ ұрпақтың байлығы. «Ана тілім ардағым» деген...

Автор: Мерекеева Аяулым Бақытбекқызы

Ана тілім — ардағым

Ана тілі- әр халықтың жаны, рухани өзегі. Тіл- адамзатқа берілген ерекше сый. Ол- ата-бабамыздың аманаты, болашақ ұрпақтың байлығы. «Ана тілім ардағым» деген сөз — жай ғана ұран емес, бұл жүректің тереңінен шығатын шынайы сезім, тілге деген махаббаттың көрінісі.

Қазақ тілі- ұлы даланың үніндей, тарихтың тереңінен жеткен асыл қазына. Ол арқылы біз өз болмысымызды, салт-дәстүрімізді, ата-бабамыздың өмір салтын танимыз. Ана тілімізде айтылған әрбір мақал-мәтел, жыр мен терме- жылдар брйы жиналып, қалыптасқан халқымыздың даналығының дәлелі. Ұлы Абай, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов сынды алыптарымыздың шығармалары қазақ тілінің көркемділігін паш етеді.

Қазіргі жаһандану заманында көптеген ұлттар өз тілін жоғалтып, мәдениетінен ажырап жатыр. Мұндай жағдайда ана тілімізді көздің қарашығындай сақтап, қастерлеу — әрбір қазақ азаматының борышы. “Тілі өлген ел- тірі өлген ел” дейді ғой. Тіл жоғалса, ұлт та жоғалады. Сондықтан біз қазақ тілін тек отбасыда ғана емес, білім беру жүйесінде, мемлекеттік мекемелерде, ғылым мен техника саласында да кеңінен қолдануымыз керек.

Ана тілім — ардағым,

Ана тілім- зор бағым,

Өзіңнен күш аламын,

Өзіңде тұр бар бағым.

Ана тілім анамсың,

Өзің ғана панамсың,

Сенде өніп, өскен соң,  
Ардақ тұтар жанымсың.  
Ана тілім- Отаным,  
Атпайды сенсіз бар таңым,  
Қамқоршым өзің болған соң,  
Жайнап тұр барлық жан-жағым.

Ана тілім сенсің ғой  
Әлемге мені танытқан,  
Мақтан етемін өзіңді  
Ой санамды дамытқан.  
Ана тілім- ардағым,  
Ана тілім — зор бағым,  
Зор бақытты қастерлеп,  
Жүр ғой, міне, ұрпағың!

Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғанымен, қазақ тілі әлі де толыққанды қолданысқа еңбей отыр. Бұл — ойланарлық жайт. Біз, жастар, өз тілімізді мақтанышпен сөйлеп, насихаттап, оның болашағы үшін аянбай еңбек етуіміз керек!

Ана тілім — менің үнім, менің жүрегім. Ол — менің болмысым. Тілімді құрметтеу — өзімді, ұлтымды құрметтеу. Сондықтан да әр қазақтың жүрегінде «Ана тілім — ардағым» деген сезім мәңгілік сақталуы тиіс.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.